

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ		НАО «Казахский национальный женский педагогический университет»
ТҰЛҒА ҚАЛЬПАСТАРЫУ ДЕПАРТАМЕНТИ		ДЕПАРТАМЕНТ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЛИЧНОСТИ
ПОЛОЖЕНИЕ О НАГРАЖДЕНИИ СТУДЕНТОВ ЗА ПРОЯВЛЕННЫЙ ПАТРИОТИЗМ И АКТИВНУЮ ГРАЖДАНСКУЮ ПОЗИЦИЮ		СТУДЕНТТЕРДІ ПАТРИОТИЗМ КӨРСЕТКЕНІ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ ҮШИН МАРАПАТТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
1 РЕДАКЦИЯ		РЕДАКЦИЯ 1

**«ҚазҰҚызПУ» КеАҚ**  
 Басқарма Төрсі – Ректордың  
 2024 жылғы «80» шабан күнгі  
 № 180  
 Бұйрығымен  
 «БЕКІТІЛДІ»

**СТУДЕНТТЕРДІ ПАТРИОТИЗМ КӨРСЕТКЕНІ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ  
АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ ҮШИН МАРАПАТТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**  
**E025ЖСО/ТҚД-24**

Тіркеу № 40  
 Даны № турнегіде

**Алматы, 2024 жыл**

## **МАЗМҰНЫ**

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Нормативтік сілтемелер.....	3
3. Мақсаттары мен міндеттері.....	3
4. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі.....	3
5. Конкурстқа қатысу қызмет бағыттары.....	4
6. Конкурс бағыттарының басты критерилері.....	4
7. Байқау нетијесін қорытындылау және женімпаздарды марапаттау.....	6
8. Өзгерістер енгізу.....	7
9. Келісу, сақтау, тарату.....	7
Келісу парагы	
Танысу парагы	
Өзгерістерді тіркеу парагы	

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы құжат «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Қоғам) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқитын студент жастарды патриотизм көрсеткені және белсенді азаматтық ұстанымы үшін марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқитын студент жастарды патриотизм көрсеткені және белсенді азаматтық ұстанымы үшін марапаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылға 23 тамыздағы №437 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.3. Қоғамда оқитын білім алушы жастарды патриотизм көрсеткені және белсенді азаматтық ұстанымы үшін марапаттауға конкурстық комиссия құрылады. Байқауды Тұлға қалыптастыру департаменті үйымдастырып, өткізеді.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Байқау өткізу бойынша келесі құжаттар негізге алынады:

- «Қазақстан Республикасының Конституциясы»;
- «Білім туралы заңы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;
- «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысы;

## **3. МАҢСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Студенттердің ғылыми және оқу-тәрбие процесін, көркемдік, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, олардың кәсіби бағдарлануын, әлеуметтік бағытталған, қоғамдық пайдалы қызметі үшін ынталандыру. Ең талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау. Бәсекелестік жағдайында білім сапасын қамтамасыз ету.

## **4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ**

4.1. Байқауды өткізу туралы ақпарат Қоғамның ресми сайты мен әлеуметтік желілердегі парақшаларына жарияланады. Байқау бағыттары бойынша әр институттың студенттері қатыса алады.

**I кезең** Үміткерлер байқау бағыттары бойынша өз көрсеткіштері, атқарған жұмыстары, нәтижелері мен марапаттары жайлы толық ақпаратты институт директорының орынбасарларына 2024 жылдың 29 сәуіріне дейін өткізеді;

**II кезең** Барлық институттан жиналған үміткерлердің құжаттары мен электронды нұсқасы байқау комиссиясына ұсынылады. (Гоголь көшесі 114, кабинет №114);

**III кезең** 2024 жылдың 30 сәуіріне дейін байқау комиссиясының отырысы өтіп, үміткерлердің жұмыстары іріктеліп, нәтижесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне жіберіледі.

4.2. Әр номинацияға әр қатысуышдан бір ғана жұмыс қабылданады.

4.3. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды, бағалау нәтижелері қатысушыларға берілмейді.

## **5. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ БАҒЫТТАРЫ**

5.1.) «Спорт және дene физикалық даму» – әртүрлі спорт түрлерімен айналысу;

5.2.) «Таланттар мен дағдылар» – үйірмелерге, курстарға, тренингтерге, практикадарға бару, зияткерлік, шығармашылық, ғылыми-техникалық конкурстарға, олимпиадаларға, көрмелерге, жарыстарға қатысу және өз бетінше оқыту арқылы әлеуметтік және практикалық дағдыларды дамытуға, таланттарды ашуға бағытталған сабактар;

5.3.) «Қазақ әдебиетінің алтын қоры», «Әлемдік әдебиеттің алтын қоры», «Тұлғалық өсу мен өзін-өзі дамытуға арналған кітаптар, ғылыми-көпшілік әдебиеттер» атты үш бөлім бойынша ұсынылған әдебиеттер тізбесінен «кітап оқу»;

5.4.) «Ұлттық мұра» – ұлттық спорт түрлерімен айналысу, ұлттық мәдениетте, асханада, сәндік-қолданбалы өнерде таланттар мен дағдыларды дамыту не «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» бөлімінен бір кітапты қосымша оқу. Қатысушы осы бағытты алғашқы үш бағыттың бірімен үйлестіре алады;

5.5.) «Қоғамға қызмет ету» – әлеуметтік-мәдени өмір жобаларын іске асыруға, проблемаларды шешуге, мұқтаж адамдарға, қоршаған ортаға және жануарларға тегін қызмет көрсету және азаматтық қатысудың басқа да нысандары арқылы көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар;

5.6.) «Патриоттық туризм» – туған өлкені, тарихи-мәдени обьектілерді зерделеуге және патриотизмді дамытуға бағытталған экскурсиялар;

5.7.) «Еңбек адамы» – нақты өндіріс жағдайында әртүрлі кәсіпорындарда және келген салада жұмыс істеу.

## **6. КОНКУРС БАҒЫТТАРЫНЫҢ БАСТЫ КРИТЕРИЛЕРІ**

### **6.1. «Спорт және дene физикалық даму»:**

– Институт директорының және (немесе) Жастар саясаты орталығының ұсыныс хаты;

– Транскрипт;

– Марапатқа ұсынар алдындағы бір жыл ішінде университет немесе басқа ұйым өткізетін спортық іс-шаралар шенберінде жүзеге асырған спортық қызметінің нәтижелері үшін награда (жүлде) Халықаралық, республикалық, (сертификат/диплом, алғыс хат);

– Марапатқа ұсынар алдындағы бір жыл ішінде тәрбиелік, насиҳаттық сипаттағы спортық іс-шараларға және (немесе) деңгейі бар өзге де қоғамдық маңызы бар спортық іс-шараларға қатысуы: Халықаралық, КР-сы бойынша, (сертификат/диплом, алғыс хат);

– Спортық атақтардың болуы: 1 спортық ересектер разряды, спорт шеберлігіне кандидат, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, еңбек сіңірген спорт шебері болса.

### **6.2. «Таланттар мен дағдылар»:**

- Институт директорының және (немесе) Жастар саясаты орталығының ұсыныс хаты;
- Әрбір оқу жылы үшін академиялық үлгерімнің жоғары көрсеткіштері (GPA);
- Үйрмелерге, оқу курсытарына, тренингтерге, практикумдарға қатысу, оқу және атсалысу;
- Әлеуметтік белсенділік және волонтерлық бойынша жетістіктері (сертификат/диплом, алғыс хат);
- Конкурстарға, олимпиадаларға, көрмелерге, жарыстарға қатысу және өз бетінше оқыту арқылы әлеуметтік және практикалық дағдыларды дамытуға, үлес қосу және таланттарды ашуға бағытталған сабактар жүргізу (патент, мақала, алғыс хат);
- Студенттік өмірдегі белсенділік жетістіктері (сертификат/диплом);
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістіктері (сертификат/диплом, алғыс хат);
- Ғылыми мақалалар жарияланымы (2-ден кем емес);
- Халықаралық, республикалық, қалалық, аудандық конференциялар мен конкурстарда жетістіктері бар (сертификат/диплом, алғыс хат).

### **6.3. «Қазақ әдебиетінің алтын қоры», «Әлемдік әдебиеттің алтын қоры», «Тұлғалық өсу мен өзін-өзі дамытуға арналған кітаптар, ғылыми-көпшілік әдебиеттер»**

- Институт директорының және (немесе) Жастар саясаты орталығының ұсыныс хаты;
- Әрбір оқу жылы үшін академиялық үлгерімнің жоғары көрсеткіштері (GPA);
- Аталған бөлімдер бойынша кемінде (үш кітап), шығармаларды оқып, мазмұнын білу;
- Тақырыптық, жанрлық ерекшелігімен мәтінге теориялық талдау жасау, сыни-пікір жазу;
- «Қазақ әдебиетінің алтын қоры» бөлімінен кемінде екі кітап оқу;
- Аталған бөлімдер бойынша оқыған шығармалар туралы әдебиеттанушы, сыншылардың зерттеу еңбектеріне тоқталып, саралау.

### **6.4. «Ұлттық мұра»**

- Институт директорының және (немесе) Жастар саясаты орталығының ұсыныс хаты;
- Әрбір оқу жылы үшін академиялық үлгерімнің жоғары көрсеткіштері (GPA);
- Халықаралық, Республикалық, қалалық, аудандық конференциялар мен конкурстарда жетістіктері бар (сертификат/диплом, алғыс хат);
- Бизнес-жоспар, арнайы жоба, патент, жәке кәсібінің болуы (болға жағдайда);
- Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын байқау, жарыстар өткізу, ұйымдастыру;
- «Шығармашылық іс-шараларға, концерттерге, көрмелерге қатысуы (сертификат/диплом, алғыс хат).

### **6.5. «Қоғамға қызмет ету»**

- Институт директорының және (немесе) Жастар саясаты орталығының ұсыныс хаты;
- Транскрипт;
- Қоғамдық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысатындар;
- Әлеуметтік белсенділік және волонтерлық бойынша жетістіктері (сертификат/диплом);
- Студенттік өмірдегі белсенділік жетістіктері (сертификат/диплом, алғыс хат);
  - Коршаган ортаны қорғау, Экология және тұрақты даму бағытындағы белсенді жетістіктері (сертификат/диплом, алғыс хат);
  - Қайырымдылық шараларына белсенді қатысу/ұйымдастыру;
  - Республикалық, халықаралық конференциялар мен конкурстарда жетістіктері бар (сертификат/диплом, алғыс хат).

#### **6.6. «Патриоттық туризм»**

- Институт директорының және (немесе) Жастар саясаты орталығының ұсыныс хаты;
- Әрбір оқу жылы үшін академиялық үлгерімнің жоғары көрсеткіштері (GPA);
- Әлеуметтік белсенділік және волонтерлық бойынша жетістіктері (сертификат/диплом, алғыс хат);
- Студенттік өмірдегі белсенділік жетістіктері (сертификат/диплом);
- Туризм тақырыбындағы ғылыми мақалалар жарияланымы (2-ден кем емес);
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістіктері (сертификат/диплом);
- Коршаган ортаны қорғау, Экология және тұрақты даму бағытында іс-шаралар ұйымдастыру/өткізу, белсенді жетістіктері (сертификат/диплом, алғыс хат);
- Халықаралық, Республикалық, қалалық, аудандық конференциялар мен конкурстарда жетістіктері бар (сертификат/диплом).

#### **6.7. «Еңбек адамы»**

- Институт директорының және (немесе) Жастар саясаты орталығының ұсыныс хаты;
- Әрбір оқу жылы үшін академиялық үлгерімнің жоғары көрсеткіштері (GPA);
- Студенттік өмірдегі әлеуметтік белсенділік және волонтерлық бойынша жетістіктері (сертификат/диплом, алғыс қаты);
- Қайырымдылық шараларына белсенді қатысатындар;
- Қоғамдық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысатындар;
- Бизнес-жоспар, арнайы жоба, патент, жәке кәсібінің болуы (болға жағдайда);
- Кәсіпорын немесе өндіріс орындарындағы жұмысы (тұтынушыларының ауқымы/маштабы, сұранысы, пайдалылығы);
- Жұмысының нәтижелері (біліктілігін аттырғану туралы сертификат, курс)
- Халықаралық, республикалық, қалалық, аудандық конференциялар мен конкурстарда жетістіктері бар (сертификат/диплом, алғыс хат).

## **7. БАЙҚАУ НӘТИЖЕСІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ**

7.1. Конкурстық комиссиясы қызметтің әрбір бағыты бойынша жүлдегерлерді марапаттауға мынадай тәртіппен ұсынады:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің I дәрежелі дипломы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің II дәрежелі дипломы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің III дәрежелі дипломы.

1.2. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

1.3. Үміткер қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда оң қорытынды алады. Дауыстар төң болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстық комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

1.4. Комиссияның шешімі және наградтауға ұсынылған тізімдер ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға жіберіледі, сондай-ақ күнтізбелік он күннің ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурстарында орналастырылады.

## **8. ӨЗГЕРИСТЕР ЕҢГІЗУ**

Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды орталық басшысы әзірлейді және Басқарма төрағасы – Ректор немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекітеді.

## **9. КЕЛІСУ, САҚТАУ, ТАРАТУ**

9.1 Ережені орталық басшысы әзірлейді.

9.2 Ереже Құжат айналымы және мұрағаттар бөлімінің жауапты адамымен және;

1). Заң бөлімінің басшысымен;






2). Жетекшілік ететін проректормен келісіледі.

9.3 Түпнұсқаның қағаз және электрондық нұсқаларын сақтауға және Нұсқаулықтың сканерленген бекітілген нұсқасын таратуға Орталық басшысы жауапты болады.

9.4 Тіркеуге Құжат айналымы және мұрағаттар бөлімі жауапты.

9.5 Бекітілген Ережеің көшірмесі Құжат айналымы және мұрағаттар бөлімінің жауапты тұлғасы және Орталықта сақталады.

## КЕЛІСУ ПАРАФЫ

№	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
1	Әзірледі: Жастар саясаты орталығының басшысы	Даулебаева М.Б.		
2	Келісілді: Стратегиялық даму және әлеуметтік жұмыс жөніндегі Проректор	Рысбекова Ж.К.		
3	Келісілді: Заң бөлімінің басшысы	Маханов М.М.		
4	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Бас тіркеуші	Балажанова Қ.М.		
5	Келісілді: Филология институтының директоры	Ашинова К.А.		
6	Келісілді: Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институтының директоры	Аширбекова Ж.Б.		
7	Келісілді: Жаратылыстану институтының директоры	Байташева Г.У.		
8	Келісілді: Педагогика және психология институтының директоры	Оразаева Г.С.		
9	Келісілді: Физика, математика және цифрлық технологиялар институтының директоры	Салгараева Г.И.		
10	Келісілді: Денешынықтыру және спорт кафедрасының бағдарлама көшбасшысы	Есельбаева А.К.		
11	Келісілді: Студенттік ректор	Оңласын Н.Р.		

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

## **ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАФЫ**